



## БҰЙРЫҚ

2020 жылғы «18» Тамыз

Ақтөбе қаласы

## ПРИКАЗ

№ 324

город Актөбе

### Банкроттық басқарушыны шеттету және тағайындау туралы

«Оңалту және банкроттық туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 12 бабының 7 тармағы 2 тармақшасына, 93-бабының 4 тармағына сәйкес және "Ақтөбе-ТАС" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің (БСН 031140005478) 2020 жылғы 12 тамыздағы кредиторлар жиналысының хаттамалық шешімі негізінде, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Ақтөбе-ТАС" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің банкроттық басқарушысы Құттыбай Жарылғасынұлы Таушан банкроттық басқарушы өкілеттіктен шеттетілсін.

2. "Ақтөбе-ТАС" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің банкроттық басқарушысы болып Арман Карабаевич Сарманов тағайындалсын.

3. Құттыбай Жарылғасынұлы Таушан жаңадан тағайындалған банкроттық басқарушыға үш жұмыс күн ішінде құрылтай құжаттарын, есепке алу құжаттамасын, мүлікке құқық белгілейтін құжаттарды, мөрлерді (олар болған кезде), мөртабандарды, материалдық және өзге де құндылықтарды тапсырсын.

4. Арман Карабаевич Сармановқа Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық туралы заңнамасы талаптарына сәйкес банкроттық басқарушы міндеттерін атқару жүктелсін.

5. Банкроттық басқарушы Арман Карабаевич Сарманов Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық туралы заңнамасы талаптарының орындалуын қамтамасыз етсін.

6. «Банкроттық басқарушы тағайындау туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Ақтөбе облысы бойынша мемлекеттік кірістер департаментінің 2019 жылғы 22 қарашадағы №550 бұйрығының күші жойылсын.

7. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Департамент басшының орынбасары Асылбек Толыбаевич Калменовқа жүктелсін.

Басшы

Жаканов А.Ж.

002109